

Коучинг №3

Өткізілу орны: Өскемен қаласы әкімдігінің «№46 орта мектебі»КММ

Өткізу мерзімі : 13.03.2017

Тыңдаушылар: 6-8сыныптардың пән мұғалімдері

Тақырыбы:	Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту .		
Мақсаты	Сын тұрғысынан ойлауды дамытуға арналған стратегияларды топтық жұмыстарда қолдану- оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты жаңғыртудың бірден –бір кепілі екендігін көрсету.		
Күтілетін нәтижелер	Мұғалімдер топпен жұмыс жасау негіздерін біледі. Сабақта қолданылатын стратегиялардың оқушылардың мектепте алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай функционалдық сауаттылықтарын арттыруда тиімді екендігін байқайды.		
Ресурстар	Компьютер, аудиожазбалар, ақпараттық ресурс, А-4 және А-3 беттері, тапсырмалар жазылған таратпа материалдар, кестелер.		
Түйінді идея	Бірлескен оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеялар ұсынуға және қорғауға , әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және талқылауға белсенді қатысуға мүмкіндік алады.		
Кезеңдері		Қатысушылар мен ұйымдастырушының іс-әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	5 мин.	1.Қатысушылар шеңбер бойымен орналасады. Жаттығу :Мұғалімдер «Мен- команда...» деген сөзді жалғастырып, бірінен-соң бірі шеңбер бойымен жалғастыра түседі. 2. Команда екендігімізді дәлелдеу үшін шағын ойын: қатысушылар бірінің артынан-бірі орналасады, қолдарын алдыға созып, бір кісіден кейінгі кісінің иығына қолын қояды.Осылай қалыпта барлығы бір-бірінің алдына отыру керек. Ойын шарты бойынша шеңбер бұзылмау керек.	

<p>Топтарға бөлу: Топта жұмыс жасау ережесін құру.</p>	<p>2 мин.</p>	<p>Ана , бала, әке, білім , өнер туралы мақал-мәтелдер арқылы бөлінеді. Позитивті көңіл-күй</p>	<p>Топта жұмыс жасау ережесі Бейне таспа</p>
<p>Ой қозғау «Стакан әдісі»</p>	<p>2 мин.</p>	<p>Топтарға пластикалық стакандар беріледі. Ұсыныс: Осы стакандарды бір-бірлеріңізге әр-түрлі әдіспен беріңіз.Негізгі идея: креативті ойлану мүмкіндігі Ойлау әдісі</p>	<p>Бейнетаспа</p>
<p>«Таза тақта» әдісі</p>	<p>5мин</p>	<p>Топтағы қатысушылардың алдында сұрақтардың жауабы жазылған парақтар қойылған. Сұрақтарға жауап берген сайын , дұрыс жауап алынып отырылады. Ең соңында тақта таза болып қалу керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Бірлескен оқу дегеніміз не ? (Оқыту мен оқу тәсілі, проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау) -Топтағы бірлескен жұмысты жүзеге асыру мақсаты? («әлеуметтік, танымдық, эмоционалдық) -Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту ? (танымдық) -Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу? (әлеуметтік) -Топтың жекелеген мүшелерінің білім мен тәжірибесіне сүйену (эмоционалдық) -Ұжымдық оқудың негізгі сипаттамалары қандай? (қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады) -Топтық жұмыс тиімді болу үшін..(билік пен жауапкершілік топ мүшелері арасында бөлінеді) 	
<p>Венн диаграммасы, кластер әдісі.</p>	<p>8 мин.</p>	<p>Топтарға әр-түрлі көліктердің суреттері беріледі -Суреттерді белгілі бір қасиеттері бойынша топтастыру ұсынылады.</p>	<p>Суреттер</p>

Джигсо әдісі	8 мин	Әр топқа бір-бір суреттен беріледі. Суретер плакатқа жапсырылады да, әр топ өз ойын суреттің астына жазады да, екінші топқа жібереді, айнала келе әр топтың плакаты өзіне келеді, түрлі-түсті стикер бойынша бірін-бірі бағалайды	
Дөңгелене хат жазу (Письмо по кругу)	8мин	Ойлануға мүмкіндік беретін «Жизнь коротка» мультфильм. Топтар бейнетаспаны көру барысында өздерін толғандырған ойларын, ассоциаларын қағаз бетіне толтырады, бірінші сөйлемді бір адам бастайды, қалғандары сол ойды жалғастырады.	
Фишбоун әдісі	8 мин	«Күріш өсіру».Шетелдің ғалымы үш бірдей 2 литрлік банкіге бірдей көлемде су құйып, күріш салып, аузын жауып қояды. Күнделікті сол банкілерге барып, бірінші банкіге «Сен қандай кереметсің, сұлусың, әдемісің, тамашасың», екінші банкіге «Сен жақсысың, жарайсың», деп, үшінші банкіге мүлдем көңіл бөлмейді. Бір апта өткеннен кейін банкілерді тексереді. Сонда бірінші банкі құлпырып, жайқалып тұр, екінші банкі орташа қалыпта тұр, үшінші банкі мүлдем өспей шіріп кеткен.	
Рефлексия «Бәрі менің қолымда»	5мин	Қолыңыздың суретін салыңыз. Әр саусақтың мағынасы: Бас бармақ – маған маңызды және қажетті; Сұқ саусақ – маған қиын болды (ұнаған жоқ); Ортаңғы саусақ – маған жеткіліксіз болды; Аты жоқ саусақ – менің көңіл-күйім; Кішкентай саусақ – менің ұсыныстарым;	







